

«Әлеуметтік-экономикалық даму және  
2024 жылғы қаңтар-қарашадағы республикалық  
бюджетті орындау қорытындылары туралы»  
ҚР Үкіметі отырысындағы ҚРҰБ Төрағасы  
Т.Сүлейменовтің баяндамасы  
Астана қ., 2024 жылғы 17 желтоқсан, сағат 15:00

**Құрметті Олжас Абайұлы!**

**Құрметті әріптестер!**

**2-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК**

Қараша айының қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің **іскерлік белсенділік индексі** ұлғайып, **51,6 тармақты** құрады. Көрсеткіш он ай қатарынан оң аймақта қалып отыр. **Қызметтер** бойынша индекс 51,5, **өндіріс** бойынша – 53,1 тармақты құрады.

Қарашада **бизнес-климат** индексі ұлғайып, оң көрсеткіште қалыптасты. **Қазіргі және болашақ бизнес шарттары** оң бағаланып отыр.

**СЛАЙД 3. ИНФЛЯЦИЯ**

Қарашаның қорытындысы бойынша **жылдық инфляция 8,4%** деңгейінде қалыптасты.

Инфляцияның баяулауына **азық-түлік** тауарларының дезинфляциясы ықпал етуде. Алайда соңғы айда оның **5,4%-ке** дейін жылдамдауы тіркелді. **Азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасының өсуі аз ғана баяулап, **8%** құрады.

**Ақылы қызметтер** инфляциясы «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының жүргізілуіне және бірқатар нарықтық қызметтердің қымбаттауына байланысты, ең үлкен өсім көрсетуде – **13,3%**.

Қарашада **айлық инфляция** өткен айдағы деңгейде сақталды. Ол **0,9%** құрап, орташа тарихи мәнінен жоғары қалыптасты.

Ішкі экономикада **фискалдық ынталандырумен** туындаған тұрақты ішкі **сұраныс, инфляциялық күтулердің** артуы және **реттелетін бағалардың** өсуі аясында **проинфляциялық қысым** сақталып отыр.

**Сыртқы ортадағы** тәуекелдерге келетін болсақ, ірі сауда серіктесіміз – Ресейдегі инфляцияның жеделдеуіне және **әлемдік азық-түлік** нарықтарындағы бағаның өсуі байқалып жатыр.

Бұл жағдайда Ұлттық Банк 29 қарашада базалық мөлшерлемені **15,25%-ке** дейін көтерді.

**Қаржы және энергетика** нарықтарындағы **құбылмалылық** жағдайында Ұлттық Банк инфляцияның **5%-тік орта мерзімді таргетке** баяулау траекториясын қадағалап, ол үшін **ақша-кредит саясатын** қосымша қатаңдату қажеттілігін мұқият бақылайтын болады.

#### **4-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ**

Қарашада **теңгенің айырбас бағамы** бірқатар факторларға байланысты бір доллар үшін **512,52** теңгеге дейін, яғни 5%-ке әлсіреді.

Доллардың **жаһандық нығаюы**, шикізат тауарлары бағасының өзгеруі және геосаяси жағдайдың шиеленісуі аясында әлемде дамушы нарықтар валюталарының әлсіреуі

байқалды.

Еліміздің негізгі сауда серіктестерінің бірі Ресейдің қаржы секторына қарсы **жаңа санкциялардың** енгізілуінен рубльдің әлсіреуі жеделдеді.

Ішкі валюта нарығында экономикалық агенттердің шетел валютасына сұранысының **артуы** және ұсыныстың азаюы, сонымен қатар айырбас бағамының психологиялық деңгейінен асып кетуі орын алды.

Бірқатар факторлардың нашарлауына байланысты **тұрақсыздандыратын ауытқуларды** болдырмау, айырбастау бағамының шамадан тыс құбылмалылығын реттеу және шетел валютасының ұсынысын қамтамасыз ету мақсатында қараша айының 15 – 28 аралығында Ұлттық Банк **валюталық интервенциялар** жүргізді.

Теңгенің бұдан кейінгі динамикасы төлем балансына, **нарыққа қатысушылардың күтулеріне, әлемдік нарықтардағы жағдайға және геосаяси жағдайдың өзгеруіне** байланысты болады.

Ұлттық Банк **теңгерімсіздікті** болдырмайтын **икемді бағам белгілеу** режимін ұстанатын болады.

#### **5-СЛАЙД. АҒЫМДАҒЫ ШОТ**

**Төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығы** биылғы 9 айда **(-)0,3 млрд долларды** құрады.

Бұл өткен жылғы сәйкес кезеңнің **(-)6,7** млрд долларымен салыстырғанда әлдеқайда аз. Бұған сауда балансының жақсаруы себеп болып отыр.

#### **6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР**

Қарашаның нәтижесі бойынша **жалпы халықаралық резервтер** жыл басынан бері **9,5%-ке** өсіп, **105 млрд долларды** құрады.

Ұлттық Банктің **алтынвалюта резервтері** жыл басынан **23%-ке** артып, **44,2 млрд долларды** құрады.

**Ұлттық қордың активтері** жыл басынан **1,3%-ке** ұлғайып, **60,8 млрд долларды** құрады.

Жыл басынан **қорға түскен қаражат** сомасы **3,7 трлн** теңге, ал **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке берілетін **трансферттер** көлемі **5,3 трлн** теңге болды. Ұлттық қордың **инвестициялық табысы** **9,5%** немесе **5,7 млрд долларды** құрады.

#### **7-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ**

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері** оң динамиканы көрсетуде. Жылдың басынан зейнетақы активтері **22,7%-ке** өсіп, **21,8 трлн** теңгені құрады.

Жыл басынан инвестициялық табыс көлемі **2,8 трлн** теңгені құрады.

Зейнетақы **жарналары** **2,3 трлн** теңгеге жетті және былтырғы жылмен салыстырғанда **19%-ке** ұлғайды.

Қаражатты **мерзімінен бұрын алу** сомасы **495,6 млрд** теңгені құрады.

**Құрметті Олжас Абайұлы!**

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы жағдайдың

өзгеруін бақылап, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуді және инфляцияны одан әрі төмендету жұмысын жалғастыратын болады.

**Назарларыңызға рақмет!**